

"Қазақстан Республикасының ішкі және халықаралық авиамаршруттарындағы тұрақты рейстердің кестесін бекіту жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрінің міндеттін атқарушының 2010 жылғы 13 тамыздағы № 363 бүйрүғына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрінің 2011 жылғы 25 наурыздағы № 167 Бүйрүғы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2011 жылды 26 сәуірде № 6914 тіркелді

«Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдалану және авиация қызметі туралы» 2010 жылғы 15 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 14-бабының 1-тармағының 23) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. «Қазақстан Республикасының ішкі және халықаралық авиамаршруттарындағы тұрақты рейстердің кестесін бекіту жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрінің міндеттін атқарушының 2010 жылғы 13 тамыздағы № 363 бүйрүғына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6462 болып тіркелген, "Егемен Қазақстан" газетінде 2010 жылғы 1 қазандығы № 398-401 (26244) жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген бүйрүқпен бекітілген Қазақстан Республикасының ішкі және халықаралық авиамаршруттарындағы тұрақты рейстердің кестесін бекіту жөніндегі нұсқаулықтың:

8-тармағындағы «45» саны «15» санымен ауыстырылсын;
11-тармақтың 2) тармақшасы алдып тасталсын.

2. Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігінің Азаматтық авиация комитеті (Р.Ә. Өдімолда) Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіппен осы бүйрүқты мемлекеттік тіркеу үшін Қазақстан Республикасы Әділет министрлігіне ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бүйрүқтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникация вице-министрі А.Ғ. Бектұровқа жүктелсін.

4. Осы бүйрүқ алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап он қүнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Министр

Ә. Құсайынов